

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТИ



**5B050100 - Әлеуметтану мамандығының**

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Білім беру бағдарламасының деңгейі:** Бакалавриат

**Дайындау бағыты:** Әлеуметтік ғылымдар

**Берілетін дәреже:** 5B050100- Әлеуметтану мамандығы бойынша әлеуметтік білім бакалавры

Шымкент, 2016ж.

«5B050100 – «Әлеуметтану» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы жоғары білім берудің МЖМС негізінде, 23.08.2012 жылғы № 1080 ҚР Үкіметінің қаулысымен (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен толықтырулар мен өзгертулер енгізілді), 20.04.2011 жылғы №152 ҚР БҒМ «Оқу үрдісін ұйымдастыруда кредиттік технологияны оқытудың Ережелерін» бекіту (ҚР БҒМ 2014 жылғы 02 маусымдағы №198 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілді) бұйрығымен, 16.08.2013 жылғы ҚР БҒМ № 343 (ҚР БҒМ 2016 жылғы 5 шілдедегі №425 бұйрығымен толықтырулар мен өзгерістер енгізілді) бұйрығына сәйкес жасалынған «5B050100 – «Әлеуметтану» мамандығының типтік оқу жоспары, типтік оқу бағдарламалары негізінде құрастырылған.

Құрастырушылар: 1. т.ғ.к.,доцент Тапалов Д.Ж.  
2. магистр, аға оқытушы Ералиева Ғ.Ж.  
3. оқытушы Ахметова Ж.Ш.

«Қазақстан тарихы, қоғамдық пәндер және география» кафедрасының әдістемелік комиссиясында (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама) және мәжілісінде (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама) талқыланып, бекітуге ұсынылды.

Кафедра меңгерушісі

Д.Ж.Тапалов

ӘК төрайымы

Б.Бишеева

Гуманитарлы-құқық факультетінің әдістемелік кеңесінде (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама) мақұлданды.

ӘК төрайымы

Қожабергенова Н.

Шымкент университетінің оқу-әдістемелік кеңесімен (2016 жылдың \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_ хаттама) бекітуге ұсынылды.

ОӘК төрайымы

Қозбағарова Б.С.

## МАЗМҰНЫ

<b>1. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы</b> .....	5
1.1 Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері .....	5
1.2 Дайындық бағыты бойынша білім беру бағдарламасының сипаттамасы .....	5
1.2.1 Мамандықтар тобындағы білім беру бағдарламасының орны .....	5
1.2.2 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін траекториялар тізбесі Студенттердің жеке оқу жоспарында көрсетілген .....	5
1.2.3. Мамандарды жұмысқа орналастыру перспективалары	
1.3 Кәсіби қызметінің сипаттамасы .....	6
1.3.1 Кәсіби қызмет сферасы .....	6
1.3.2 Кәсіби қызмет объектісі .....	6
1.3.3 Кәсіби қызмет түрлері .....	6
1.3.4 Кәсіби қызмет функциясы .....	6
1.3.5 Кәсіби қызмет бойынша типтік тапсырмалары .....	6
1.3.6 Кәсіби қызметінің мазмұны .....	7
<b>2. Оқытудан күтілетін нәтижелер</b> .....	7
<b>3. 5B050100 – Әлеуметтану мамандығы бойынша бітіруші түлекке тағайындалатын құзыреттіліктер</b> .....	8
3.1 Шешуші құзыреттіліктер .....	8
3.1.1. Жалпы білімділікке қойылатын талаптар .....	8
3.1.2 Әлеуметтік-этикалық құзыреттерге қойылатын талаптар .....	8
3.1.3 Экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне қойылатын талаптар.....	8
3.1.4 Өзгерістер мен белгісіздіктер серпінінің өсуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, географиялық және әлеуметтік ұтқырлыққа байланысты дайындыққа қойылатын талаптар .....	9
3.2 Кәсіби құзыреттіліктер .....	9
3.2.1 А - білуі және түсінуі тиіс .....	9
3.2.2 В - білім мен түсінгенін қолдануы .....	9
3.2.3 С- пікір айтуды қалыптастыру .....	9
3.2.4 Д - Даралық коммуникативтік мүмкіндіктер .....	9
3.2.5 Е - оқу дағдылары немесе оқуға деген қабілеттілік .....	10
<b>4. Оқыту нәтижелерін бағалау саясаты</b> .....	10
4.1 Білім беру бағдарламасына түсушілердің деңгейін айқындау ережесі .....	10
4.2 Оқыту нәтижесін ағымдағы бақылау .....	10
4.3 Оқыту нәтижесін қорытынды бақылау .....	11
4.4 Кредиттерді жинақтау және бағалау ережесі .....	11
4.5 Түлектердің жұмысқа орналасу динамикасын бақылау .....	12
<b>5. Білім беру бағдарламасын іске асыруға қойылатын талаптар</b> .....	12
5.1 Міндетті пәндер каталогы .....	12

5.2 Элективті пәндер каталогы .....	12
5.3 Практика бойынша бағдарламалар .....	12
5.4 Мамандықтың үлгілік оқу жоспары .....	12
5.5 Студенттің жеке оқу жоспары .....	12
5.6 Жұмыс оқу жоспары .....	13
5.7 Академиялық календарь .....	12
5.8 Білім беру бағдарламасының бітірушілері меңгеруі тиіс негізгі құзыреттер ....	12
5.9 Білім беру бағдарламасының мазмұны .....	12
5.10 Жиынтық кесте .....	12
5.11 Формуляр .....	12
5.12 Кәсіби құзыреттілік және пәндер бойынша матрица .....	13
<b>6. Білім беру бағдарламасын қолдау</b>	
6.1 Интеллектуалды ресурстар (Профессор-оқытушылар құрамы туралы) .....	13
6.2 Материалды ресурстар (Материалды-техникалық база туралы) .....	13
6.3 Білім беру ресурстары (Оқу-әдістемелік қамтамасыздандырылуы) .....	14
<b>7. 5B050100-Әлеуметтану мамандығының білім беру бағдарламасы компоненттерін бөлу нормасы және құрылымы .....</b>	<b>14</b>
<b>8. Білім беру бағдарламасын модернизациялау .....</b>	<b>15</b>

## 1. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы

### 1.1 Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

**Университет миссиясы:** Қазақстанның оңтүстік аймағының еңбек нарығы үшін білімді, бәсекеге қабілетті және ұлтжандылыққа тәрбиеленген мамандар дайындау мақсатында білім беру қызметтерінің сапасын үнемі жақсарту.

**Білім беру бағдарламасы** - еліміздің экономикасының еңбек нарығында өркендеп даму мүмкіншіліктері мен жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыратын және білім беру саласындағы үздік әлемдік тәжірибелерге сай келетін жоғары білім сапасының жоғары деңгейіне қол жеткізуді **мақсат** етеді. Әлеуметтанудың әртүрлі салаларында кәсіби құзіреттілікті толық игеріп, сапалы кәсіби білім алу үшін жағдайлар жасау.

**Білім беру бағдарламасы** зерттеу әлеуметтанулық орталықтарда – әлеуметтанушы, мемлекеттік құрылымдарда социолог-сарапшы, орта оқу орындарында қоғамдық және әлеуметтік пәндердің оқытушысы, ғылым академиясы бөлімдерінде, ғылыми-зерттеу орталықтарында социолог-зерттеуші, әлеуметтік қорғау және еңбек департаментінде маман, әкімшіліктің әлеуметтік бөлімдерінде маман, басшы, ірі фирмалардың социолог-кеңесшісі, өндірістік, жеке және консалтингтік компанияларда маркетинг, қосымша арнаулы білім алуда өндірістік ұйымдардың менеджері, демография және миграция бөлімдерінде демограф, Өкіметтік емес әлеуметтік-бағытталған ұйымдарда әлеуметтік қызметкер, еңбек пен әлеуметтік қорғау Министрлігі департаменттерінде, әкімгершілікте әлеуметтік қызметкер ретінде жұмыс жасай алатын білімі мен құзыреті жеткілікті ғылыми және ғылыми-педагог маман дайындауға бағытталған **міндеттер** қояды. Сол себепті:

- білім алушы саналы ұрпаққа сапалы білім беру;
- дүниетаным, тіршіліктің ғылыми-философиялық, діни негіздері, адам өмірі және қызметінің мазмұны мен теориялық мәні туралы терең білім беру;
- кәсіби қалыптасқан маман дайындау;
- білім саласында толыққанды және сапалы кәсіптік білім алуы;
- білім алушылардың кәсіби бағдарына және өз бетімен білім алуына жағдай жасау;
- оқу процесін барлық қажетті ақпарат көздерімен, атап айтқанда, оқулықтармен, оқу құралдарымен, оқу пәндері бойынша әдістемелік құралдармен, нұсқаулықтармен, өзіндік жұмыс бойынша белсенді үлестірмелі материалдармен және нұсқаулықтармен, электронды оқулықтармен, желілік білім беру ресурстарының қол жетімді болуын қамтамасыз ету;

### 1.2 Дайындық бағыты бойынша білім беру бағдарламасының сипаттамасы

#### 1.2.1 Мамандықтар тобындағы білім беру бағдарламасының орны

5B050100 – Әлеуметтану мамандығы сол саладағы кәсіби қызмет мазмұнын толыққанды және сапалы кәсіптік білім алуы тиіс болғандықтан Әлеуметтік білім тобына жатады.

#### 1.2.2 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін траекториялар тізбесі студенттердің жеке оқу жоспарында көрсетілген.

5B050100 – Әлеуметтану мамандығы бойынша бітірген түлекке «Әлеуметтану бакалавры» дәрежесі беріледі.

Олар зерттеу әлеуметтанулық орталықтарда – әлеуметтанушы, мемлекеттік құрылымдарда социолог-сарапшы, орта оқу орындарында қоғамдық және әлеуметтік пәндердің оқытушысы, ғылым академиясы бөлімдерінде, ғылыми-зерттеу орталықтарында социолог-зерттеуші, әлеуметтік қорғау және еңбек департаментінде маман, әкімшіліктің

әлеуметтік бөлімдерінде маман, басшы, ірі фирмалардың социолог-кеңесшісі, өндірістік, жеке және консалтингтік компанияларда маркетингтік, қосымша арнаулы білім алуға өндірістік ұйымдардың менеджері, демография және миграция бөлімдерінде демограф, Өкіметтік емес әлеуметтік-бағытталған ұйымдарда әлеуметтік қызметкер, еңбек пен әлеуметтік қорғау Министрлігі департаменттерінде, әкімгершілікте әлеуметтік қызметкер және т.б. қызметтерін атқара алады.

### 1.2.3 Мамандарды жұмысқа орналастыру перспективалары

Осы мамандықты бітіруші түлектердің кәсіби қызметтің төменгі бағыттарына жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар:

- ғылыми-зерттеушілік;
- кеңес берушілік;
- білім беру (педагогикалық);
- ұйымдастыру-басқару.

## 1.3 Кәсіби қызметінің сипаттамасы

### 1.3.1 Кәсіби қызмет сферасы

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласы, ғылыми таным саласы, білім беру саласы; өндіріс, басқару және саясаттың барлық салаларының әлеуметтанулық жағы және т.б.

### 1.3.2 Кәсіби қызмет объектісі

Оқу бітіруші түлектердің кәсіптік қызмет объектісіне ғылыми-зерттеу мекемелері және әртүрлі меншіктегі ұйымдар, мемлекеттік орган дар, оқу-тәрбиелік орта және арнаулы оқу орындары, жобалық- сараптамалық зерттеу ұйымдары, кеңес беру қызмет орындары, адам мен қоғамның өзара байланысы мәселелерін зерттеумен айналысатын әлеуметтік, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-саяси, әлеуметтік-демографиялық институттар және т.б. ұйымдар жатады.

### 1.3.3 Кәсіби қызмет түрлері

5B050100 – Әлеуметтану мамандығы бойынша әлеуметтік білім бакалаврлары мынадай кәсіби қызмет түрлерін атқара алады:

- **білім беру (педагогикалық): орта оқу орындарында қоғамдық және әлеуметтік пәндердің оқытушысы,**
- ғылыми-зерттеушілік (ғылым академиясы бөлімдерінде, ғылыми-зерттеу орталықтарында социолог-зерттеуші);
- кеңес берушілік; (ірі фирмалардың социолог-кеңесшісі);
- ұйымдастыру-басқару (әлеуметтік қорғау және еңбек департаментінде маман, өндірістік, жеке және консалтингтік компанияларда маркетингтік).

### 1.3.4 Кәсіби қызмет функциясы

5B050100 - Әлеуметтану мамандығы бойынша әлеуметтік білім бакалавры мынадай кәсіптік қызметтерді (функцияларды) орындауға мүмкіндігі бар: социумның өзекті мәселелерін зерттеуге, қоғамның дамуын әлеуметтанушылық тұрғыдан көруге, әлеуметтік жүйелерді, процестер мен құбылыстарды, әлеуметтану бойынша орта арнаулы оқу орындарында білім жоспарлары мен оқу бағдарламаларын жүзеге асыру жобаларының негізінде басқару органдарын мемлекеттік басқару, қоғамдық ұйымдар, коммерциялық құрылымдар жүйесінде социумның аталған қызметтерін жүзеге асыруға бағытталады.

*Кәсіби қызмет бойынша типтік тапсырмалары*

5B050100 – Әлеуметтану мамандығы бойынша әлеуметтік білім бакалавры кәсіби қызметіне байланысты келесі типтік міндеттерді шешуге даярланған болу тиіс:

**білім беру қызметі саласында:**

- білім алушыларды оқыту және дамыту, тәрбие және оқыту процесін ұйымдастыру, педагогикалық процессті басқару және жобалау, педагогикалық қызмет нәтижелерін жобалау, түзету және диагностикалау

- **білім беру** мекемелерінде сабақ жүргізу; нақты жағдайларда әдістемелік білімін және практикалық дағдыларын жүзеге асыру;
- орта және арнаулы оқу орындарында оқушыларды қоғам туралы білім негіздеріне оқыту, оларда әлеуметтанулық мәдениет пен ойларды қалыптастыру;

**оқу-тәрбие қызметі саласында:**

- адамға, қоршаған орта, ойлау мәдениетіне қарым-қатынасты реттейтін гуманитарлық мәдениет, этникалық және құқықтық нормаларын игерту; студенттің жеке білім бағдарламасын таңдауы; жоғары білімнің келесі баспалдағында білімді жалғастыру.

**оқу-технологиялық қызметі саласында:**

- инновациялық педагогикалық технологиялары оқу процесіне пайдалану;
- ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды пайдалана отырып, гуманитарлық ғылымдары бойынша ақпаратты іздеу мен өндеуді ұйымдастыру процесіне қатысу.

**әлеуметтік-педагогикалық қызметі саласында:**

- студенттердің білім алушылардың дамыту және тәрбиелеу педагогикалық қолдау көрсету үшін қолайлы ортасын құру;

**эксперименталды-зерттеу қызметі саласында:**

- ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттеу;
- әлеуметтану пәнін оқытуда озық педагогикалық тәжірибені зерделеу және қорыту;
- оқу процесінде олардың нәтижелерін енгізу арқылы білім беру эксперименттерін жүргізу

- зерттеу жобасын бағдарламалық-тәсілдік қамтамасыз етуге және өндеу әдістерін пайдалану, әлеуметтанулық және демографиялық мәліметтерді өндеу мен талдау;

**ұйымдастыру-басқару қызметі саласында**

- білім берудің түрлі деңгейлеріндегі әлеуметтану курсының мазмұнын жоспарлау;
- оқу-білім беру үдерісін ұйымдастыру және өткізу жолдарын анықтау;
- қоғамдық шағын жүйелердің әлеуметтік дамуының көрсеткіштері мен өлшемдерін қалыптастыру, оларда пайда болатын әлеуметтік мәселелерді анықтау, талдау

**1.3.5 Кәсіби қызметінің мазмұны**

**ғылыми-зерттеушілік:**

- зерттеу жобасын бағдарламалық-тәсілдік қамтамасыз етуге және өндеу әдістерін пайдалануға, әлеуметтанулық және демографиялық мәліметтерді өңдеу мен талдауға байланысты қызмет;

**ұйымдастыру-басқарушылық:**

- қоғамдық шағын жүйелердің әлеуметтік дамуының көрсеткіштері мен өлшемдерін қалыптастыруға, оларда пайда болатын әлеуметтік мәселелерді анықтауға, талдауға және қолдануға байланысты қызмет;

**кеңес берушілік:**

- ұсыныстар мен шараларды жасақтауға байланысты толық қызмет көрсету.

**2. Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

- 2.1 Оқыту нәтижесі Дублин дескрипторларының бірінші деңгейі (бакалавриат) негізінде анықталады және құзыреттілік арқылы көрінеді. Оқыту нәтижелері бағдарламаның барлық деңгейінде, сондай-ақ жеке пән модулінің деңгейінде сипатталады.

**Бірінші деңгейдегі дескрипторлар:**

- 1) зерттеп отырған саладағы алдыңғы қатарлы білім элементтерін қоса алғанда, осы сала бойынша білімі мен түсінігін көрсете білу;
- 2) осы білімі мен түсінігін кәсіби деңгейде қолдана білу;
- 3) дәйектемелер құрастыру және зерттеп отырған саладағы проблемаларды шешу;

4) әлеуметтік, этикалық және ғылыми көзқарастарды ескере отырып, пайымдаулар жасауға қажетті ақпарат жинауды және интерпретациялауды жүзеге асыру;

5) ақпаратты, идеяларды, проблемаларды және шешімдерді мамандарға да, маман еместерге де жеткізе білу қабілеттерінің болуын көздейді.

Әлеуметтану мамандығы бойынша білім бакалаврының жалпы құзыреттілігі *шешуші* (әлеуметтік-этикалық, экономикалық және ұйымдастыру-басқару, өзгерістер мен белгісіздіктер серпінінің өсуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, академиялық ұтқырлыққа байланысты дайындыққа қойылатын талаптар) және *кәсіби* құзыреттіліктер негізінде қалыптасады.

### **3. 5B050100 – Әлеуметтану мамандығы бойынша бітіруші түлекке тағайындалатын құзыреттіліктер:**

#### **3.1 Шешуші құзыреттіліктер**

##### ***Жалпы білімділікке қойылатын талаптар:***

1) ойлау мәдениеті мен кең көзқарасы қалыптасқан жоғары білімді тұлға қалыптастыруға негіз болатын жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық, экономикалық, құқықтық пәндер бойынша базалық білім **меңгеру**;

2) кәсіби қызметі аясында ақпараттық технологияларды қолдана білу, қазіргі техникамен жұмыс жасай алу **дағдысының болуы**;

3) магистратурада білімін жалғастыруға және күнделікті кәсіби қызметіне қажетті жаңа білімді меңгеру **дағдысының болуы**.

##### ***Әлеуметтік-этикалық құзыреттерге қойылатын талаптар:***

1) қоғамдық пікірге, дәстүрге, салтқа, қоғамдық нормаларға негізделетін әлеуметтік-этикалық құндылықтарды білу және өзінің кәсіптік қызметінде оларға **сүйену**;

2) іскерлік этика нормаларын сақтау, мінез-құлықтың этикалық және құқықтық нормаларын **игеру**;

3) Қазақстан халқының дәстүрі мен мәдениетін **білу**;

4) әлемнің басқа халықтарының дәстүрі мен мәдениетіне **толерантты болу**;

5) Қазақстанның құқықтық жүйесі мен заңнамасының негіздерін **білу**;

6) азаматтық, патриоттық, толеранттық өмірге белсенді көзқарас **тәрбиелеу**;

7) ғылым және ғылыми ойлау туралы жалпы түсінігінің **болуы**;

8) қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін **білу**;

9) түрлі әлеуметтік жағдайларда саналы түрде дұрыс бағыт **ұстана білу**;

10) командада жұмыс істеуге қабілетті болу, өзінің көзқарасын әдепмен **дәлелдей алу**, жаңа шешімдер ұсына **білу**;

11) ортақ келісімге келе білу, өз пікірін ұжым пікірімен ұштастыра **білу**;

12) кәсіби және тұлғалық тұрғыдан өсуге **ұмтылу**.

13) педагогика мен психологияның ұғымдары мен әдіснамалық негіздерін **білу**;

14) мектеп жасындағы балалардың анатомиялық-физиологиялық негізгі заңдылықтары мен **дамуын білу**;

15) әдістеменің теориялық негіздерін **білу**;

16) географияны мониторингілеудің ғылыми-педагогикалық негіздерін **білуі тиіс**;

##### ***Экономикалық және ұйымдастыру-басқару құзыреттеріне қойылатын талаптар:***

1) экономикалық білім негіздерін **меңгеру**, менеджмент, маркетинг, қаржы және т.с.с. жөнінде ғылыми түсінігінің **болуы**;

2) экономиканы мемлекеттік реттеу мақсаттары мен әдістерін, экономикадағы мемлекеттік сектордың рөлін **білу және түсіну**.

3) оқыту мен тәрбиелеу үдерісін құруды **жүзеге асыру**;

4) оқыту мен тәрбиелеудің қазіргі технологияларын **пайдалану**;



- 5) оқушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерінің мониторингін жасау;
- 6) рухани-адамгершілік, патриоттық, экологиялық және оқушылардың денсаулығын сақтайтын тәрбиені ұйымдастыру және өткізу керек;
- 7) педагогикалық процессте инновациялық технологияларды пайдалануы тиіс;
- 8) мектеп жасындағы балалардың шығармашылық және сыни ойларын дамытуға арналған зерттеулер ұйымдастыру және өткізу.

**Өзгерістер мен белгісіздіктер серпінінің өсуі жағдайында әлеуметтік, экономикалық, кәсіби рөлдердің ауысуына, географиялық және әлеуметтік ұтқырлыққа байланысты дайындыққа қойылатын талаптар:**

- 1) заманауи ақпараттық ағынды бағдарлай білу және әлемдік экономикадағы серпінді түрде өзгеріп отыратын құбылыстар мен процестерге бейімделе білу;
- 2) кәсіптік қызметке байланысты түрлі жағдайларда икемді және ұтқыр болу;
- 3) белгісіздіктер мен қауіп-қатер жағдайында экономикалық және ұйымдастыру сипатында шешімдер қабылдау дағдыларының болуы.

### **3.2 Кәсіби құзыреттіліктер:**

#### ***A - білуі және түсінуі тиіс:***

- A1 – әлеуметтік процестер мен процестерді талдауда социологиялық индекс-терді анықтай білу методологиясын түсіну;
- A2 – әлеуметтік ситуацияларға баға беру методологиясын білу;
- A3 – әлеуметтік зерттеуді жүргізудің методологиясын, методикасын және техникасын білу;
- A4 – әлемдік және отандық социологияның негізгі даму бағыттары мен тенденциялары туралы түсінігі болу;
- A5 – әлеуметтанудың кәсіби-этикалық негіздерін білу;
- A6 – қоғамның қазіргі әлеуметтік мәселелерін әлеуметтанудың бір саласында кәсіби тұрғыдан талдай білу;

#### ***B - білім мен түсінгенін қолдануы:***

- B1 – әлеуметтанулық ақпараттарды өңдеуге компьютерлік технологияны қолдана білу
- B2 – әлеуметтік құбылыстарға болжау жасаудың методикасы мен технологиясын жасау және үлгілерін қолдануды игеру;
- B3 – әлеуметтік әрекеттің әрқилы түрлеріне диагноз жасау үшін әлеуметтанулық құралдарды жасау және қолдана білу;
- B4 – адамды индивид, тұлға, іс-әрекеттің субъектісі және индивидуалдық ретінде және оны зерттеу әдістері жасау;
- B5 – әлеуметтанулық жұмыс практикасында инновациялық технологияларды игеру;
- B6 – социологтың кәсіби қызметінің мақсаттарын, методологиясын және әдістерін түсінуі;
- B7 – социологиялық зерттеуді ұйымдастырудың және жүргізудің әдістерін, құралдарын меңгеру.

#### ***C- пікір айтуды қалыптастыру:***

- C1 – экономикалық, саяси, басқару сұрақтарын нақты тұлғаның, әлеуметтік қауымдастықтардың, адамдардың белгілі бір топтарының мүдделері тұрғысынан қабылдау;
- C2 – тұлға мен микроорта, балалар мен ересектер, семья мен қоғам арасындағы байланыстарды қамтамасыз етуді қалыптастыру ;
- C3 – гуманитарлық және әлеуметтік-экономикалық білімнің даму кезеңдерімен және маңызды салаларымен таныс болу;
- C4 – сабақтар жүргізу процесінде алдыңғы қатарлы отандық және шет елдік тәжірибелерді білу және қолдана білу;

#### ***D - жеке тұлғалық қабілеттері:***

- D1 – әлеуметтанулық талдау негіздерін меңгеру;

- D2 – әлеуметтанулық білім саласында математикалық модельдеу туралы түсініктің болуы;  
D3 – қоғамның әлеуметтік және демографиялық құрылымын талдаудың методикасын білу;  
D4 – қоғамның әлеуметтік жүйесін әлеуметтанулық талдаудың мәнін түсіну;  
D5 – әлеуметтанулық зерттеулерді талдаудың математикалық әдістерімен таныс.  
D6- отбасылық қарым-қатынастар саласындағы білімдерді меңгеру, қазіргі қоғамдағы отбасының даму ерекшеліктерін түсіну және түсіндіру.

***Е – оқу дағдылары және оқуға қабілеттілік***

- E1- жастардың ерекшелігі, жас жеткіншектер арасындағы девиантты мінез-қрықтың құндылықты-бағытталған мотивтері мен себептері туралы түсінікті қалыптастыруы;  
E2- экономикалық әлеуметтану саласындағы білімдерді игеру;  
E3 - қоғамның құрылымын жетілдіруге байланысты, яғни қарама-қарсы қасиеттер мен тенденцияларды қажет бағытқа қарай өзгерту шараларын ұйымдастыру;  
E4- әлеуметтік құбылыстар мен процестерді классификациялау методикасын қалыптастыру.

#### **4. Оқыту нәтижелерін бағалау саясаты**

##### ***4.1 Білім беру бағдарламасына түсушілердің деңгейін айқындау ережесі***

Білім беру бағдарламасына қабылдау Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы «19» қаңтардағы № 111қаулысымен бекітілген *(2012 жылғы 19 сәуірдегі № 487, 2012 жылғы 30 маусымда № 896 қаулыларымен өзгерістер енгізілген)* «Жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына» сәйкес жүргізіледі.

Білім беру бағдарламасына түсуге тілек білдерген талапкерлер үшін бейінді пән – география пәні болып табылады.

Шымкент университетінің Әлеуметтану мамандығына түсуге тілек білдерген талапкерлер ҰБТ-дан және КТ-дан 50 баллдан кем емес жинау керек.

2, 3 курста академиялық білім беру бағдарламасы бойынша тілек білдірген білім алушылардың оқу жоспарларында пән айырмасы белгіленген міндетті компоненттен аспауы тиіс.

##### ***4.2 Оқыту нәтижесін ағымдағы бақылау***

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің Үлгі ережесіне» бұйрығына (2010 жылы бірнеше өзгерістер енгізілді) сәйкес жүргізеді.

Модульдерді оқыту барысында оқыту нәтижелерін анықтау түрлі нысанда жүргізіледі:

- *ауызша сұрақ-жауап* – пәннің бір немесе бірнеше тақырыбы бойынша оқылған материалдарды өткен соң сұраққа жауап айту және ситуацияны талқылау түрінде жүргізілетін бақылау;

- *жазбаша бақылау* – пәннің әр тақырыбы бойынша практикалық тапсырмаларды орындау, ситуацияларды талдау, шешім қабылдау, қойылған сұрақтар бойынша жұмыс жүргізілетін бақылау;

- *аралас (комбинированный) сұрақ-жауап* – бір немесе бірнеше тақырып бойынша білімді бағалауда ауызша және жазбаша нысандарын бір мезгілде қолдануды қарастыратын бақылау;

- *үй тапсырмасын презентациялау және қорғау* – алынған білімді жеке және топтық үй тапсырмаларының дұрыс орындалғандығын тексеру мақсатында өткен материалдарды игеру мүмкіндігі және оны жарияға ұсыну, пән тақырыптарының арасындағы логикалық байланысын байқау;

- лабораториялық жұмыстарды қорғау – техникалық қауіпсіздікті сақтай отырып, лабораториялық жұмыстарды жүргізу әдістерін бақылау;
- *тесттер* – білім алушылардың оқу жетістіктерін сапалылық және объективті тұрғыдан бағалауды іске асыратын белгілі нысандардағы тапсырмалар жиынтығы;
- *бақылау жұмыстары* – теориялық материалдарды бақылау;
- *практикалық жұмыстар* - техникалық қауіпсіздікті сақтай отырып, практикалық жұмыстарды жүргізу әдістерін бақылау;

#### 4.3 Оқыту нәтижесін қорытынды бақылау

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Жоғары оқу орындарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің Үлгі ережесіне» (бұл бұйрыққа 2010 жылында бірнеше өзгерістер енгізілді) сәйкес жүргізеді.

Семестрдің соңында әр пән бойынша ауызша, жазбаша немес тест түрінде емтихан тапсырады.

Жазбаша емтиханның (тест бойынша және билет бойынша жазбаша өткізілетін) кешенді емтиханның жалпы уақыты 3 сағаттан аспауы керек;

Тесттік тапсырмаларға белгіленген уақыт әрбір тапсырмаға 1-2 минут көлемімен есептелініп алынады.

Пән бойынша қорытынды бақылау ағымдық, аралық қорытынды бақылау бағаларын есепке алады. Бағалау 100 жүйемен жүргізіледі.

8 семестрде білім беру бағдарламасынан игерілген білім бойынша мемлекеттік емтихан тапсырады және (немесе) дипломдық жұмысты (жобаны) қорғайды. Дипломдық жұмыс (жоба) мемлекеттік аттестаттау комиссиясының алдында жария түрде қорғалады.

#### 4.4 Кредиттерді жинақтау және бағалау ережесі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларына» сәйкес жүргізіледі.

Білім беру бағдарламасы бойынша бакалавр академиялық дәрежесін алу үшін белгіленген 152 ҚР кредиттері және 239 ECTS кредиттерді жинау керек.

Бір оқу жылында 36-48 ҚР кредиттері, 60-65 ECTS академиялық кредиттері есептелген.

Бір семестрде студенттер 18-22 ҚР кредиттері, 29-33 ECTS академиялық кредиттері игеруі тиіс.

Студент белгіленген модуль (пән, пәннің бөлімі, және пәнаралық блок, т.б.) бойынша қорытынды бақылаудан оң баға алған кезде ғана кредиттер игерілді деп есептеледі.

Кредиттер саны алған бағаға байланысты емес, баға міндетті түрде оң баға болуы тиіс.

Баға бағалау кестесіне сәйкес А мен D арасында болса, кредиттер есептеледі.

Егер студент модульді игере алмаса, жалпы кредит саны есептелмейді.

Кредиттік оқыту жүйесі бойынша бағалау жүйесі (кесте 1).

#### Кесте 1.

Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау	Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Бал	ECTS бойынша бағалау
Өте жақсы	A	4,0	95-100	95-100	A (өте жақсы)
	A-	3,67	90-94	90-94	

Жақсы	B+	3,33	85-89	85-89	B (өте жақсы)
	B	3,0	80-84	80-84	
	B-	2,67	75-79	75-79	C (жақсы)
Қанағаттанарлық	C+	2,33	70-74	70-74	
	C	2,0	65-69	65-69	D (қанағаттанарлық)
	C-	1,67	60-64	60-64	
	D+	1,33	55-59	55-59	E (қанағаттанарлық)
	D	1,0	50-54	50-54	
Қанағаттанарлықсыз	F	0	0-49	0-49	F(FX) (қанағаттанарлықсыз)

#### 4.5 Түлектердің жұмысқа орналасу динамикасын бақылау.

Жоғары білім беру бағдарламасының талаптарын орындап, мемлекеттік қорытынды аттестациядан сәтті өткен тұлғаларға 5B050100 - «Әлеуметтік білім» бакалавры дәрежесі беріледі.

5B050100 - «Әлеуметтік білім» бакалавры зерттеу әлеуметтанулық орталықтарда – әлеуметтанушы, мемлекеттік құрылымдарда социолог-сарапшы, орта оқу орындарында қоғамдық және әлеуметтік пәндердің оқытушысы, ғылым академиясы бөлімдерінде, ғылыми-зерттеу орталықтарында социолог-зерттеуші, әлеуметтік қорғау және еңбек департаментінде маман, әкімшіліктің әлеуметтік бөлімдерінде маман, басшы, ірі фирмалардың социолог-кеңесшісі, өндірістік, жеке және консалтингтік компанияларда маркетинг, қосымша арнаулы білім алуға өндірістік ұйымдардың менеджері, демография және миграция бөлімдерінде демограф, Өкіметтік емес әлеуметтік-бағытталған ұйымдарда әлеуметтік қызметкер, еңбек пен әлеуметтік қорғау Министрлігі департаменттерінде, әкімгершілікте әлеуметтік жұмыс істей алады. Әлеуметтану мамандығын бітірушілердің жұмысқа орналасу динамикасы жылдан жылға артып келеді.

## 5. Білім беру бағдарламасын іске асыруға қойылатын талаптар

### 5.1 Міндетті пәндер каталогы

Міндетті пәндер - белгіленген кредит шеңберінде және үлгілік оқу жоспарында көрсетілген пәндер бойынша білім алушылардың жеке дайындығын айқындайтын міндетті компонентке кіретін оқу пәндері. **Қосымша 1.**

### 5.2 Элективті пәндер каталогы

Элективтік пәндер - белгіленген кредит шеңберінде және білім беру ұйымы енгізетін таңдау бойынша білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін әлеуметтік-экономикалық дамытудың ерекшеліктерін және нақты өңірдің қажеттіліктерін есепке алатын таңдау компонентке кіретін оқу пәндері. **Қосымша 2.**

5.3 *Практика модулі бойынша бағдарламалар* (оқу, өндірістік, дипломалды және т.б.). Практика модулінде алынған теориялық білімдерді практика жүзінде бекіту болып табылады. Сондықтан білім алушының оқу, өндірістік, дипломалды және т.б. практикалардан өтуі шарт. **Қосымша 3.**

5.4 *Мамандықтың үлгілік оқу жоспары* (міндетті компонент пәндерінің тізбесі мен кредиттердің ең аз көлемін және практиканың, қорытынды аттестаттаудың барлық түрлерін көрсете отырып, пәндер циклі бойынша білім беру бағдарламасының құрылымы мен көлемін регламенттейтін білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен оқу құжаты). **Қосымша 4.**

Үлгілік оқу жоспары (бұдан әрі - ҮОЖ) - білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасының оқу пәндерінің тізбесі мен көлемін, оларды оқытудың тәртібін және бақылау нысандарын реттейтін құжат.

5.5 *Студенттің жеке оқу жоспарының үлгісі* (білім беру бағдарламасын игеру бойынша студенттің жұмыс бағдарламасы). **Қосымша 5.**

5.6 *Жұмыс оқу жоспарының үлгісі* **Қосымша 6.**

Оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі - ОЖЖ) - мамандықтың ҮОЖ және білім алушының жеке оқу жоспары негізінде білім беру ұйымдары дербес әзірлейтін оқу құжаты;

5.7 *Академиялық календарь*. **Қосымша 7.**

Академиялық күнтізбе (Academic Calendar) - оқу жылы бойына демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіби практикаларды өткізу күнтізбесі.

5.8 *Білім беру бағдарламасының мазмұны*. **Қосымша 8.**

Модульдердегі пәндердің Дублин дескрипторларына сәйкес қалыптасатын күзiреттiлiктер.

5.9 *Жиынтық кесте*. **Қосымша 9.**

Білім беру бағдарламасындағы модульдер кесiндiсiнде меңгерiлген кредиттер көлемiн бейнелейтiн жиынтық кесте.

5.10 *Формуляр*. **Қосымша 11.**

Модульдердегі пәндердің Дублин дескрипторларына сәйкес оқыту нәтижелері көрсетiлген.

5.11 *Кәсіби құзыреттiлiк және пәндер құзыреттiлiгi матрицасы*. **Қосымша 11.**

Пәндердi бойынша Дублин дескрипторларына сәйкес қалыптасатын кәсіби құзыреттiлiктер мен оқыту нәтижелерi көрсетiлген.

5.12 *Білім беру бағдарламасының бiтiрушiлерi меңгеруi тиiс негiзгi құзыреттер* **Қосымша 12.**

Білім беру бағдарламасының паспорты, сондай-ақ білім беру бағдарламасының бiтiрушiлерi меңгеруi тиiс негiзгi құзыреттер.

## **6. Білім беру бағдарламасын қолдау**

### **6.1 Интеллектуалды ресурстар (Профессор-оқытушылар құрамы туралы)**

Интеллектуальды ресурстар - кафедрадағы оқытушы-профессор құрамының ғылыми дәрежелiлiгiмен сипатталады.

Бүгiнгi таңда мамандықтың кәсіби пәндерiн оқытатын 12 профессор-оқытушы жұмыс iстейдi, соның iшiнде 4- ғылым кандидаты, доцент - 2, ғылым кандидаттары, аға оқытушы-2. Жалпы алғанда кафедрада ғылыми дәрежелiк 50 % пайызды құрайды.

Мамандыққа жалпы білім беру циклдері пәндерiн оқытатын оқытушылар да бар.

Кафедраның оқытушы-профессорлық құрамы жыл сайын біліктілігiн көтередi. Біліктілігiн көтергеннiн растайтын құжат ретiнде сертификаттың көшiрмесiн кафедраға өткізiп отырады. Кафедра оқытушылары марапаттаулар мен алғыс хаттарға ие. Сонымен қатар, кафедраның жетiстiктерi ретiнде халықаралық түрлi марапаттауларға ие болған төмендегi профессорларды атап өтуге болады:

1. т.ғ.д., профессор Эшчанов Камил «За заслуги в психологии» МАПН орденiмен марапатталды. Москва, 15 ноябрь 2013 жыл.

2. Б т.ғ.д., профессор Эшчанов Камил «Человеческий фактор» ғылыми жетiстiктерi үшiн Международная академия психологических наук, Межрегиональная эргономическая ассоциация медальмен марапатталды. Москва, 20 сентябрь 2013 жыл.

3.Т.ғ.к., доцент Тапалов Дүйсенбек - Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигi. Астана, 2013 жыл.

### 6.2 Материалды ресурстар (материалды-техникалық база туралы)

Материалды-техникалық база - Әлеуметтану мамандығының спецификасына сәйкес жабдықталған. Оқу пәндеріне байланысты 2 оқу лабораториясы және 3 оқу кабинеттері жабдықталған: интерактивті тақтасы бар 1 кабинет, 1 мультимедиялық кабинет бар.

Сонымен қатар, студенттерді практикадан өткізу үшін төмендегі базалық мекемелермен келісімшарттар жасалған:

1. Шымкент университеті базасындағы зертхана;
2. ОҚО облыстық әкімшіліктің статистика басқармасы

Осы мекемелерде студенттер іс-тәжірибеден ғана емес, кейбір пәндерден зертханалық тәжірибеден өтеді.

### 6.3 Білім беру ресурстары (Оқу-әдістемелік қамтамасыздандырылуы)

Білім беру ресурстары - кітапхана қоры мен электронды оқулықтармен және кафедрада дайындалатын оқу-әдістемелік кешендермен, интернет желісімен сипатталады. университетте электронды оқу залдары ұйымдастырылған. Аталған оқу залында Республикалық кітапхана қорында бар барлық кітаптармен жұмыс жасай алады.

Сонымен қатар, студенттерді ғылыми жұмыстарға тарту мақсатында шетел елдік ұйымдармен халықаралық келісімшарттар жасалған.

1. Халықаралық ғылыми байланыстар:
2. И. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті, Бишкек.

## 7. 5B0050100 - Әлеуметтану мамандығының білім беру бағдарламасы компоненттерін бөлу нормасы және құрылымы

№	Қызмет түрлері	Кредиттер саны	Апта саны	Жалпы сағат саны
1	Теориялық оқыту (1:2), соның ішінде:	<b>129</b>	<b>105</b>	5805
	1) Міндетті пәндер компоненті	46		
	2) Таңдау пәндері компоненті	83		
2	Дене шынықтыру (4 семестр) (2:0)	<b>8</b>	<b>60</b>	<b>240</b>
3	Қорытынды аттестация (1:6), соның ішінде:	<b>3</b>	6	315
	1) Мемлекеттік емтихан (1 МЕ үшін)	1	2	105
	2) Дипломдық жұмысты жазу және қорғау	2	4	210
	<b>Жиыны:</b>	<b>140</b>	<b>171</b>	<b>6360</b>
4	Практика (кәсіби), соның ішінде:	12	14	420
	1) оқу (1:0)	8	4	120
	2) педагогикалық (1:1)	-	-	-
	3) өндірістік (1:4)	4	10	300
5	Демалыстар	-	63-57	-
6	Экзаменационная сессия (7x3 нед.)	-	<b>21</b>	-
	<b>Барлығы:</b> <b>(52 апта x 4 жыл - 8 апта=200)</b>	<b>152</b>	<b>200</b>	6780

### Ескертпе:

1. Бакалавр дәрежесін алу үшін студент теориялық оқудың кемінде 129 кредитін және кәсіби практиканың кемінде 6 кредитін игеруі тиіс (мамандықтың ҮОЖ-ында жоспарланған кредит санына қарамастан).

2. Мамандық бойынша 1 мемлекеттік емтиханға 1 кредит, дипломдық жұмысты жазуға және қорғауға 2 кредит жоспарланады (мамандықтың ҮОЖ-ында жоспарланған кредит санына қарамастан).

3. Практикаға бөлінетін кредиттер саны 6-дан кем болмауы тиіс. Оқу практикасы 8 кредит көлемінде, сондай-ақ өндірістік практика мен дипломалды практикасының жалпы көлемі кемінде 4 кредит көлемінде жоспарланады.

4. Қорытынды аттестаттаудың жалпы көлемі (сағатпен) және дене шынықтыру сабақтары студенттің апталық жүктемесіне енбейді.

5. Қызмет түрлері бойынша апта сандары өзгеруі мүмкін, бірақ студенттің орташа апталық жүктемесі 57 сағаттан аспауы тиіс («Дене шынықтыру» пәнін қоспағанда).

6. Демалыс ұзақтығы бітіруші курсты қоспағанда, оқу жылы бойында 7 аптадан кем болмауы керек. Оқу жылындағы 7 аптадан артық демалыс уақытын ЖОО өздігінен қызметтің басқа түрлеріне қайта бөле алады.

7. Жазғы семестр демалыс есебінен немесе академиялық күнтізбе бойынша бөлек жоспарлануы мүмкін.

8. Мамандықтың ҮОЖ-ында көрсетілмеген жағдайда дипломалды практиканы ЖОО өздігінен демалыс есебінен жоспарлауы мүмкін.

## **8. Білім беру бағдарламасын модернизациялау**

*Білім беру бағдарламасын оқытудың соңғы нәтижесін талдауды есепке ала отырып, модернизациялау (жаңашаландыру)*

Оқыту нәтижесіне және жұмыс берушілер мен еңбек нарығының сұранысына байланысты білім беру бағдарламаларын қалыптастыру тиімділігі мен тұрақтылығының әлеуетті жыл сайын өзгертілуі мүмкін.